17 ҚАРАША,
СЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№127 (23 741)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Жасыл желек, жайлы жол

Қаланың ажарын ашатын – көше бойындағы саялы ағаш, ел мен елдің арасын жақындататын – тақтайдай тегіс жол. Кейінгі жылдары өндірісті өлкеде осы екі бағытта бірқатар ауқымды жоба қолға алынып, ел игілігіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Өңірді жасыл желекпен көмкеру, орман қорын молайту және жол инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында кеңінен таразыланды. Басқосуда биылғы жұмыс қорытындылары сараланып, алдағы межелер нақтыланды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Көшет көбейіп, көгал молайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында өңірде көгалдандыру, орман алқаптарын кеңейту және қоршаған ортаны қорғау жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, 2021-2027 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспарына сәйкес биылғы меже артығымен орындалған.

Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әсет Тазабековтің мәліметінше, көктемде Қу және Қарағанды орман шаруашылықтары аумағындағы 559,6 гектар жерге 1,7 миллион қылқан жапырақты ағаш көшеті егілген. Күзде Ақтоғай орман шаруашылығының 63 гектар алқабына тағы 210 мың үйеңкі көшеті егілді. Бұған қоса, бұрын қалыптасқан орман алқаптарының сиреген тұстарын толықтыру мақсатында 565 мың көшет отырғызылған.

– Биыл орман қорын молайтуға бағытталған жұмыстардың жоспарлы көрсеткіштері артығымен орындалды. Жоспар бойынша 602,6 гектарға 2,3 миллион көшет егу көзделсе, іс жүзінде 622,6 гектар аумақта 2,5 миллионға жуық көшет егілді. Алдағы уақытта да орман қорын қалпына келтіру және сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасады, – деді Әсет Нұрмұханұлы.

Бұл бағыттағы тағы бір маңызды міндет – көшет қорын қалыптастыру. Қазір облыста жалпы аумағы 41 гектарды құрайтын орман тұқымбағы жұмыс істейді. Оның жобалық қуаты жылына 1,3 миллион көшет өсіруге есептелгенімен, биыл 2,8 миллион көшет өсірілген. Сондай-ақ, жылына 1 миллион көшет дайындауға мүмкіндік беретін, жабық тамыр жүйесімен өсірілетін көшеттерге арналған жылыжай кешенінің құрылысы басталған. Келер жылы 649,3 гектар аумаққа 2,5 миллион көшет егу жоспарланып отыр.

Орман қорын молайтумен қатар, елдімекендерді көркейтіп, көгалдандыру жұмыстары да қарқын алған. Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың айтуынша, биыл өңірде «Таза Қазақстан» акциясы аясында он сенбілік ұйымдастырылған. Оның екеуі республикалық, сегізі облыстық деңгейде өтті.

– Биыл елдімекендер аумағына 30 мың тал-дарақ егу жоспарланған-тын. Жыл соңында 34 мың ағаш егіліп, белгіленген меже төрт мыңға асыра орындалды. Былтыр да 54 мың жасыл желек егу көзделіп, іс жүзінде 60 мыңға жеткен еді. Сонымен қатар, облыстың цифрлық технологиялар басқармасымен бірлесіп, жасанды интеллект мүмкіндігі енгізілген GreenMap қосымшасы арқылы 1,2 миллионнан астам жасыл желек цифрлық есепке алынды, – деді Тілектес Темірбекұлы.

Алдағы жылы облыстың қалалары мен аудандарында тағы 31 мың тал-дарақ егу жоспарланған. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жауапты басқармалар мен аудан-қала әкімдеріне ағаштарды уақытылы суарып, агротехникалық талаптарға сай күтіп-баптауды, олардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізуді тапсырды. Сонымен бірге, келесі көгалдандыру маусымына қажетті көшет қоры мен жер учаскелерін алдын ала дайындау қажеттігін ескертті.

Жол азабы азаяды

Аппарат жиынының күн тәртібіндегі келесі мәселе – биылғы жол-құрылыс маусымының қорытындысы. Өңірде биыл жалпы, ұзындығы 643 шақырым автомобиль жолы жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Оның 340 шақырымы республикалық, 90 шақырымы облыстық маңызы бар жолдарға тиесілі. Қалған 213 шақырым қала және аудан жолдарын қамтиды.

➤ 2-бет

● РЕСМИ

Төлем тіркеледі

Қазақстанда банктердің клиенттердің шоттарына түскен төлемдер туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органдарына ұсыну тәртібі нақтыланды. Қаржы министрінің 5 қарашадағы бұйрығымен тиісті қағидаларға өзгерістер енгізілді.

Жаңа талаптар арнаулы салық режимін қолданатын немесе кәсіпкерлік қызмет үшін арнайы мобильді қосымшаны пайдаланатын жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты.

Банктер аталған тұлғалардың шоттарына күнтізбелік ай ішінде түскен төлемдердің жиынтық сомасы туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарына жолдайды. Алайда, арнайы мобильді қосымша арқылы мемлекеттік кірістер органдарына берілген төлемдер туралы ақпарат қайталанып ұсынылмайды.

Мәліметтер банк құпиясын ашуға келісім бергендер бойынша ғана беріледі. Ол үшін клиент арнайы мобильді қосымшада электрондық цифрлық қолтаңбасымен келісімін растауы тиіс.

Мемлекеттік кірістер комитеті келісім бергендердің тізімін қалыптастырып, банктерге электрондық жүйе арқылы жолдайды.

Аталған өзгерістер барлық азаматтардың жеке мобильді аударымдары туралы мәліметтерді жаппай беру тәртібін білдірмейді. Олар кәсіпкерлік қызметке байланысты төлемдер жөніндегі ақпаратты ұсыну қағидаларын нақтылайды.

Өз тілшімізден

Цифрлық дәуірдің дүбірі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында экономиканы тұтас цифрлық жүйеге көшіру міндетін қойды. Өндіріс пен саудадан бастап, қаржы және мемлекеттік басқаруға дейін жасанды интеллект пен жаңа технологияларды кеңінен енгізу – уақыт талабы. Өйткені, цифрландыру қызмет көрсетуді жеңілдетумен ғана шектелмейді. Ол кәсіпкердің жұмысын оңтайландырып, өндірістің өнімділігін арттырып, экономиканың жаңа мүмкіндіктерін ашады.



Коллажды жасаған Арайлым Кожаева

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір облыста мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн форматқа көшкен, олардың 96 пайызы смартфон арқылы қолжетімді. «Ақылды қала» тұжырымдамасы аясында денсаулық сақтау, білім беру, көлік, өнеркәсіп және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты қоса алғандағы 10 бағытта 50 цифрлық жоба іске асырылып жатыр. Ауылдық елдімекендерді интернетпен қамту, 5G желісін кеңейту, көлік қозғалысы мен қалалық инфрақұрылымды цифрлық басқару жұмыстары да жалғасуда. Мұның бәрі технологияны тек ірі орталықтарға емес, шалғайдағы елдімекендерге де жеткізуді көздейді.

Әйткенмен, цифрлық қызметтің қағаз жүзінде қолжетімді болуы мен оны нақты пайдалана алу бірдей емес. Шалғайдағы тұрғын үшін тұрақты интернет, ыңғайлы қосымша және қажетті кеңес қатар қажет. Осы үшеуі ұштасса ғана жаңа шешімдер күнделікті тұрмыстың шынайы жеңілдігіне айналады.

Осы бағытта аймақта бағдарламалау мен заманауи цифрлық технологияларды үйрететін Tomorrow School жобасы жүзеге асырылуда. Расында, жүйені орнату – істің бір бөлігі, ал, оны игеріп, пайдаға жарату – екінші мәселе. Сондықтан, цифрлық өзгеріс маман даярлаумен, кәсіпкердің технологиялық сауатын арттырумен және тұрғындардың жаңа қызметтерге бейімделуімен қатар жүруге тиіс.

Цифрлық экономиканың күнделікті өмірге ең жақын көрінісі – онлайн сауда. Kaspi.kz, Halyk Market, Wildberries, Ozon, Teez сияқты маркетплейстерден тауар таңдау, ал жеткізу сервистері арқылы азық-түлік пен дайын тағамға тапсырыс беру үйреншікті іске айналды.

➤ 3-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 490.91 ●USD/KZT 444.3 ●RUB/KZT 5.41 ●CNY/KZT 66.59

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Еуропамен етене байланыс

Қарағанды облысы мен Франция арасындағы экономикалық әріптестік нақты жобалармен нығайып келеді. Аталған елдің компаниялары өңірдің су ресурстарын басқару ісіне атсалысып, тау-кен өнеркәсібіне қажетті білікті инженерлер даярлауға үлес қосуда. Ендігі меже – осы ынтымақтастықтың аясын кеңейтіп, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы және жаңа технологиялар саласына бірлескен инвестициялық жобаларды тарту. Бұл мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Француз Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиогенің кездесуінде кеңінен талқыланды.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету, инвестициялық байланыстарды жандандыру және мәдени-гуманитарлық әріптестікті дамыту мәселелеріне назар аударды. Өңір басшысы облыстың француз инвесторларымен ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді байланыс орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

– Біз Француз Республикасымен достық және серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға зор мән береміз. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика, білім беру, денсаулық сақтау, сумен жабдықтау және ақпараттық технологиялар салаларындағы ынтымақтастық үшін айтарлықтай әлеуетті көріп отырмыз. Француз тарапының нақты ұсыныстарын қарауға, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында тікелей байланыстар орнатуға жәрдемдесуге, сондай-ақ, бірлескен инвестициялық және іскерлік жобаларды іске асыруды қолдауға қуаныштымыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысы – еліміздің ірі индустриялық өңірлерінің бірі. Өнеркәсіптік әлеуеті мен қалыптасқан өндірістік инфрақұрылымы шетелдік инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы орайда облыс әкімі өңірдің экономикалық басымдықтары, инвестициялық мүмкіндіктері және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралар туралы жан-жақты мәлімет берді. Әсіресе, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктеріне тоқталды. Мұнда инвесторларға салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылып, өндірістік жобаларды жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылым жасалған. Бұл шетелдік компаниялардың өңір экономикасына инвестиция құюына қолайлы жағдай туғызады.

Қазірдің өзінде облыста француз капиталының қатысуымен екі кәсіпорын жұмыс істейді. Оның бірі қаржы және сақтандыру саласында қызмет көрсетсе, екіншісі кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет бағытында жұмыс жүргізуде.

Екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі – сумен жабдықтау саласы. Атап айтқанда, франциялық SUEZ International SAS компаниясы «Қарағанды Су» компаниясымен су ресурстарын басқару және оларды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша әріптестік орнатқан.

Француз тарапымен байланыс тек экономика және инвестиция саласымен шектелмейді. Білім беру мен ғылым бағытында да нәтижелі бастамалар жүзеге асырылуда. Соның айқын дәлелі – Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде EPC Groupe француз компаниясымен ынтымақтастық аясында ашылған мамандандырылған оқу аудиториясы.



Жаңа аудитория бұрғылау-жару жұмыстарын тереңдетіп оқытуға, заманауи өндірістік технологияларды меңгеруге және болашақ тау-кен инженерлерінің практикалық дағдыларын жетілдіруге арналған. Бұл бастама жоғары оқу орны мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, еңбек нарығының сұранысына сай маман даярлауға мүмкіндік береді.

Француз Альянсы француз тілі мен мәдениетін насихаттап, екі ел халықтарының өзара жақындасуына ықпал етіп келеді.

Кездесуде айтылған ұсыныстар Қарағанды облысы мен Франция арасындағы ынтымақтастықты жаңа бағыттарда дамытуға мүмкіндік бермек. Ендігі міндет – қалыптасқан әріптестікті нақты инвестициялық бастамалармен толықтырып, француз компанияларының озық тәжірибесі мен технологиялық мүмкіндіктерін өңірдің өндірістік әлеуетімен ұштастыру.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жасыл желек, жайлы жол

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов өңірдегі маңызды жол жобаларының орындалу барысына тоқталды. Атап айтқанда, ұзындығы 19 шақырымдық «Саран-Шахтинск» автомобиль жолын күрделі жөндеу аяқталуға жақын. Жолдың барлық бөлігіне асфальт төселген. Қазір жолды жабдықтау және Шерубай-Нұра өзеніндегі көпірді қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

– Биыл облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 13 учаскесінде жалпы ұзындығы 84 шақырымға орташа жөндеу жүргізу жұмыстары қолға алынды. Соның ішінде 26 шақырымдық «Қарағанды-Шахтинск» жолында, Ленин атындағы және «Қазақстан» шахталарына апаратын кіреберіс жолдарда жөндеу аяқталды. «Шахан-Жаңаталап» бағытында да негізгі жұмыстар орындалды. Дегенмен, жекелеген нысандарда жұмыс кестесінен кешігу бар. Мәселен, «Саран-Шахтинск» жобасын толық аяқтау үшін қосымша 143,7 миллион теңге қажет, – деді Мақсұт Жолдыбайұлы.

Шет ауданындағы «Сәкен Сейфуллин-Ақсу-Аюлы» жолының Тұмсық пен Құттыбай ауылдары арасындағы бөлігі де жөндеуден өткен. Ал, келесі учаскедегі жұмыстарды келер жылы жалғастыру көзделген. Нұра, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарында да жол жөндеу жобалары жүзеге асырылуда.

Жол сапасын сақтау мәселесі де назардан тыс қалмады. Облыстық маңызы бар жолдардың орташа жөндеу жұмыстарына берілетін кепілдік мерзімі бес жылға дейін ұзартылмақ. Сонымен қатар, ауыр жүк көліктерінің қозғалысына бақылау күшейтілген. «Қарағанды-Шахтинск» жолына автоматты салмақ өлшеу жүйесі орнатылған. Жыл басынан бері бақылау жүйелері арқылы 169 заңбұзушылық анықталып, жалпы сомасы 57 миллион теңге айыппұл салынған.

Қаланың өзінде де жол инфрақұрылымын жаңарту жалғасуда. Қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзиннің мәліметінше, шаһардағы көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 923 шақырымды құрайды. Биылғы жөндеу жұмыстарының нәтижесінде қалыпты жағдайдағы жолдардың үлесі 85 пайыздан 88 пайызға артқан. Бес құрылыс және қайта жаңғырту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Мұқанов көшесінің 2,9 шақырымына асфальт төселіп, тағы 4,78 шақырымда жол негізі дайындалған. Бөкетов, Приканальная және Университетская көшелеріндегі жұмыстар да жалғасуда. Ал, орташа жөндеу бойынша жоспарланған 85 шақырымның 39 шақырымы жөнделді.

Республикалық маңызы бар жолдарда да ірі жобалар жүзеге асырылуда. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы облыстық филиалының директоры Думан Қалабиевтің мәліметінше, «Қарағанды-Жезқазған» бағытындағы 122 шақырым жолды қайта жаңғырту жұмыстары басталған.

– Қазір бұл учаскеде топырақ қабатын алу, жол негізін дайындау және қажетті материалдар өндіретін карьерлерді игеру жұмыстары жүргізілуде. Нысанға 216 маман мен 155 техника жұмылдырылған. Бұдан бөлек, республикалық жолдардың тоғыз учаскесінде жалпы, 280 шақырымға орташа жөндеу қарастырылған. Бір учаске пайдалануға берілді, тағы үшеуін жыл соңына дейін аяқтау көзделіп отыр. Төрт учаскедегі жұмыстар келесі жылы жалғасады, – деді Думан Болатұлы.

Сондай-ақ, республикалық жолдардағы теміржол үстінен өтетін жолөтпе мен Шат өзеніндегі көпірді күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Екі нысанның құрылысы 2027 жылы аяқталады деп жоспарланған.

Жиын соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев алдағы қысқы маусымға дайындық мәселесіне баса назар аударды.

– Алдымызда қытымыр қысқы кезең тұр. Осыған байланысты барлық жол учаскелерінде көлік қозғалысының тұрақты әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз етуіміз қажет. Жолдарды күтіп-ұстау мәселелерін тұрақты бақылауда ұстап, қар тазалау техникасының дайындығын қамтамасыз ету, ауа райы күрт өзгерген жағдайда жедел әрекет ету маңызды. Қала және аудан әкімдері, барлық жауапты ұйымдар бұл мәселеге айрықша назар аударуы керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы жауапты мекемелерге тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастыруды, жолдарды қардан уақытылы тазалауды, қауіпті учаскелерде қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдауды міндеттеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Көшелі көзқарастың көрсеткіші

Жастардың әлеуметтік көңіл күйі, өмірлік ұстанымы мен қоғамдық-саяси белсенділігі өңір дамуының көрсеткіштерінің бірі. Жас буынның бүгінгі сұранысы мен ертеңге деген үміті мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындауға негіз болады. Осы орайда облыста 2026 жылы жастар арасында жүргізілген кешенді социологиялық зерттеулердің қорытындысы айтылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зерттеу жұмыстары биылғы сәуір-қазан айлары аралығында Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жүзеге асырылды. Жобаны «Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық бірлестігі жүргізді. Негізгі мақсат – өңір жастарының қоғамдық-саяси көңіл күйін, әлеуметтік жағдайын, өзекті мәселелері мен құндылық бағдарларын зерделеу, сондай-ақ, зиянды әдеттер мен психоактивті заттарға қатысты көзқарасын анықтау.

Зерттеу барысында цифрлық және сапалық әдістер қатар қолданылды. Атап айтқанда, жаппай сауалнама, фокус-топтық талқылаулар және жастармен жұмыс істейтін мамандар арасында тереңдетілген сұхбаттар ұйымдастырылды. Мұндай кешенді тәсіл жастардың пікірін сандық көрсеткіштер арқылы ғана емес, олардың ұстанымдарының қалыптасу себептері мен әлеуметтік мәселелерге көзқарасы тұрғысынан да бағалауға мүмкіндік берді.

– Бұл жоба жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бастамасымен бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Зерттеудің басты мақсаты – жастар арасында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу, профилактикалық және білім беру бағдарламаларын жоспарлау, алдағы жұмыс бағыттарын болжау. Біз тек сауалнама жүргізумен шектелмейміз. Студенттермен, мектеп оқушыларымен, жас отбасылармен, сондай-ақ, жұмыссыз жастармен фокус-топтық кездесулер өткіземіз. Осылайша, зерттеуге тек белсенді әрі жұмыс істейтін жастар ғана емес, әртүрлі әлеуметтік топтар мен жас ерекшеліктеріне жататын азаматтар қатысады. Бұл бізге жастардың түрлі санаттарының пікірін ескеріп, олардың нақты қажеттіліктерін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді, – дейді жоба үйлестірушісі Әлия Олжағалиқызы.

Жаппай сауалнама 14 пен 34 жас аралығындағы жастарды қамтыды. Зерттеу географиясына облыстың 13 әкімшілік-аумақтық бірлігі енді. Оның ішінде, Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран және Шахтинск қалалары, сондай-ақ, Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандары бар. Зерттеудің «Қазіргі жастар: жағдайды талдау» бағыты бойынша мамыр және қыркүйек айларында екі кезеңдік сауалнама жүргізілді. Екінші кезеңдегі іріктемелі жиынтық 960 респонденттті құрады. Қайталама зерттеу нәтижесінде алынған көрсеткіштерді салыстырып, жыл ішінде жастардың қоғамдық көңіл күйінде болған өзгерістерді бақылауға мүмкіндік туды.



Зерттеу барысында жастардың ақпарат тұтыну дағдысында да елеулі өзгеріс байқалған. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен интернет-платформалардың ақпарат таратудағы ықпалы күшейген. Осы үрдіске қатысты Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті тарих факультетінің ғылыми қызметкері, әлеуметтану магистрі Игорь Хлебников өз баяндамасында тоқталды.

– Зерттеу нәтижесінде назар аударуға тұрарлық бір үрдіс анықталды. Соңғы екі-үш жылда Қарағанды облысы жастарының ақпарат тұтынуында айтарлықтай өзгеріс болып, негізгі ақпарат көзі әлеуметтік желілер мен түрлі интернет-платформаларға ауысқан. Бұрын дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде, интернет-басылымдардың сайттары сұранысқа ие болса, қазір олардың үлесі едәуір төмендеген. Жастардың басым бөлігі ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Бұл – жастармен ақпараттық жұмыс жүргізудің жаңа мүмкіндігі. Егер осы платформалардың әлеуетін дұрыс пайдаланса, оң нәтижеге қол жеткізуге болады, – деді Игорь Хлебников.

Ал, фокус-топтық талқылауларда жастардың өмір сүру жағдайы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, әлеуметтік-экономикалық ахуал, мемлекеттік жастар саясаты, азаматтық белсенділік пен ақпараттық ортаға қатысты пікірлері кеңінен қарастырылды. Бұл формат сауалнамада толық ашыла бермейтін мәселелерді анықтауға жол ашты. Сарапшылармен жүргізілген сұхбаттар да зерттеудің мазмұнын толықтырды. Кәсіби қызметі жастармен жұмыс істеуге байланысты мамандар жұмыспен қамту, білім беру, әлеуметтік қолдау, мемлекеттік органдарға деген сенім, көші-қон ниеттері және ақпараттық мінез-құлық мәселелері бойынша өз бағаларын білдірді.

Зерттеу үш негізгі бағытты қамтыды. Біріншісі – қазіргі жастардың әлеуметтік ахуалы мен қоғамдық-саяси көзқарасын талдау. Екіншісі – психоактивті заттарды тұтыну мен таратуға, зиянды әдеттерге қатысты ұстанымдарын және олардың қауіп-қатерлер туралы хабардарлық деңгейін анықтау. Үшіншісі – жас буынның өмірлік басымдықтары мен құндылық бағдарларын зерделеу. Жиналған деректер өңделіп, жүйеленгеннен кейін зерттеудің әр бағыты бойынша талдамалық материалдар, қорытындылар мен ұсынымдар әзірленді. Бұл мәліметтер өңірлік жастар бағдарламаларын жоспарлау, профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру және жастармен өзара іс-қимылды дамыту үшін маңызды негіз бола алады.

Жастар саясатының тиімділігі олардың қажеттіліктерін қаншалықты дұрыс түсініп, нақты мәселелеріне қаншалықты жауап бере алатынымен өлшенеді. Мұндай зерттеулер тек қоғамдық пікірді тіркеумен шектелмей, өңірдегі жастар саясатының алдағы бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сурет автордан

Құттықтау



Ардақты азамат **Өміртай Біләлұлы МАМЕТҚҰЛОВТЫ** 75 жас мерейтойымен құттықтаймыз!

Өмірдің өр белесі, ақыл мен парасаттың үлгісіне айналған қамқор әке, ардақты аға, аяулы жар, сүйікті ата Өміртай Біләлұлы Маметқұлов 2026 жылдың 17 қараша күні 75 жасқа толып отыр. Осынау айшықты белеспен отбасымыздың ұйытқысы, ағайынның қамқоршысы болып отырған асыл жанды шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мерейлі жас – адал еңбектің, таза жүректің және өнегелі ғұмырдың жемісі. Өміртай Біләлұлы – Ақтоғай өңіріне сыйлы, елдік пен бірлікті ту еткен Біләл мен Бану апаның салып кеткен сара жолын абыроймен жалғастырып келе жатқан текті әулеттің ұрпағы. Бүгінде ол тек өз шаңырағының ғана емес, барлық бауырлары мен жақындарының мақтанышы, ақылшысы, немерелерінің асқар таудай атасы. Өмір жолы өнегеге, ізгілік пен еңбеккорлыққа толы ардақты ағамыздың жүрген жері әрдайым сыйластық пен шуаққа бөленіп жүреді.

Қадірлі Өміртай аға! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға бақ-береке тілейміз. Әр күніңіз арайлы қуаныш пен шаттыққа толы болып, бала-немерелеріңіздің қызығына кенеліп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

Жетпіс бес жас – өмірдің асқар шыңы,
Абыроймен өткерген өмір жолы
Үлгі болған ұрпаққа ақыл-оймен,
Өзіңізде бүгінгі құрмет орны!

Ақ батаңыз дарысын ұрпақтарға
Өміріңіз үлгі болсын жас буынға
Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болып,
Үйіңіз тола берсін қуанышқа!

Ізгі тілекпен: жұбайы – **Қамаш**, қарындасы – **Зинагүл**, бауырлары – **Еркін**, **Жанабек**, келіндері – **Бекзат**, **Алия**, балалары – **Эльвира, Жәнібек, Гүлмира** және **немерелері** мен **туыстары**.

№380

Цифрлық дәуірдің дүбірі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылы еліміздегі ішкі бөлшек электронды сауда көлемі өскен, оның басым бөлігі маркетплейстерге тиесілі. Бұл үрдіс сатып алушыға уақыт үнемдесе, кәсіпкерге өз тауарын бұрын жетпеген нарыққа ұсынуға жол ашты.

Бұрын сауда орнына келетін тұтынушының саны кәсіпкердің орналасқан жеріне тәуелді болса, енді тауар туралы мәліметті елдің басқа өңіріндегі сатып алушы да көре алады. Әрине, кең нарыққа шығу жеткізу қызметін ұйымдастыруды, сапа мен мерзімге жауап беруді де талап етеді. Сол себепті, онлайн сауданың өсуі кәсіпкер жұмысына жаңа тәртіп енгізіп отыр.

Осы мақсатта Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы әзірлеген Business Go цифрлық платформасын таныстыруда. Онлайн-касса, қойма есебі, маркетинг және тұтынушымен жұмыс құралдарын біріктіретін жүйе сауда, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласына арналған.

Мәселен, GreenKassa қолма-қол, банк картасы және Halyk QR арқылы төлем қабылдауға мүмкіндік береді. GreenMag тауардың кірісі мен шығысын, қоймадағы қалдық пен сатылымды бақылайды, ал, GreenScan таңбаланған өнімдер мен акциздік маркаларды тексеруге көмектеседі. Қоғамдық тамақтану орындары Dastarkhan QR электронды мәзірін, қызмет көрсету кәсіпорындары Amian Business құралын пайдалана алады. Бұған қоса, 1 қарашадан Amian қосымшасында «Чекті талап ет» акциясы басталып, фискалдық чек жүктеген тұтынушыларға кэшбэк пен сыйлық ұтысына қатысу мүмкіндігі ұсынылды.

Қазір платформа облыстың қалалары мен аудандарында таныстырылып, оны өңірде 162 кәсіпкер пайдаланып отыр. Палата мамандары жаңа жүйені семинарлар мен кездесулерде түсіндіріп келеді.

– Бүгінде шағын және орта бизнес үшін цифрлық технологияларды пайдалану – уақыт талабы. Кәсіпкер бірнеше бағдарламамен жұмыс істеп, әр қызметке жеке жүйе қосып, артық уақыт жоғалтпауы керек. «Business Go» платформасы онлайн-касса, тауар есебі, маркетинг және клиенттермен жұмыс істеу құралдарын бір ортаға біріктіреді. Біздің мақсатымыз – өңір кәсіпкерлеріне осындай цифрлық мүмкіндіктерді таныстырып, олардың күнделікті жұмысын жеңілдетуге көмектесу, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Президент Жолдауында ауылдағы өндірушілерге өнімін цифрлық платформалар арқылы сатуға көмектесетін пилоттық жобаларды іске қосу мәселесі көтерілді. Мұндай тетік шалғайдағы шағын шаруашылықтың да жаңа сатып алушыға шығуына мүмкіндік бермек.

Сонымен қатар, технологияның таралуы жаңа тәуекелдерді туғызады. Ауылдағы интернет сапасы, азаматтардың цифрлық сауаттылығы мен дербес деректер қауіпсіздігі әлі де өзекті. Ірі маркетплейстердің күшеюі дәстүрлі саудадағы шағын кәсіпкерлердің бәсекесін де күрделендіріп отыр. Қарағанды облысы кәсіпкерлер қауымдастығының атқарушы директоры Серік Санаубаев осы мәселеге назар аудартады.

– Цифрлық экономика – заман талабы. Ал, Қазақстанның келесі қадамы технологияны тұтынатын елден оны экономикалық өсімнің нақты құралына айналдыратын елге көшу болмақ. Отандық маркетплейстерді дамыту үшін мемлекет тарапынан жағдай жасалып, салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылуы тиіс. Электрондық сауданың қарқынды дамуы базарлар мен сауда орындарында еңбек етіп жүрген кәсіпкерлерге қиындық тудырып отыр. Сондықтан олардың мүддесін қорғайтын жүйелі бағдарлама қажет, – дейді Серік Мәлібекұлы.

Серік Санаубаевтың пайымынша, шетелдік ірі платформалармен бәсекеде отандық нарық өкілдеріне бастапқы кезеңде қолдау қажет. Бұған қоса, базарлар мен сауда орындарындағы жалға алу ақысына байланысты қатынастарды реттейтін ынталандыру тетіктерін қарастырған жөн. Бұл – оның ұсынысы, әзірге қабылданған мемлекеттік шара емес. Мақсат – дәстүрлі саудада жұмыс істейтін кәсіпкерлердің жаңа нарыққа бейімделуіне мүмкіндік беру.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Қоржынтүбекте қордаланған мәселе жоқ»

Қаланың өркендеуі – бір күндік жұмыстың нәтижесі емес, жүйелі жоспар мен табанды еңбектің жемісі. Әсіресе, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, жолдар мен тұрғын үйлердің жағдайын жақсарту, туризмді дамыту және қоғамдық кеңістіктерді көркейту – кез келген шаһардың басты даму бағыттары. Биыл Приозерск қаласында осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау, коммуналдық желілерді жаңарту, әлеуметтік нысандарды дамыту және қаланың туристік әлеуетін арттыру бағытында нақты нәтижелер бар. Осы орайда Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметовпен сұхбаттасып, биылғы жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы, қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және алдағы жоспарлар туралы әңгімелескен едік.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Мансұр Талғатұлы, ең алдымен қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталсақ. Биыл қала экономикасында қандай өзгерістер мен өсім бар?

– Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы – біздің жұмысымыздың негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан, инвестиция тарту, өндіріс көлемін ұлғайту, шағын және орта бизнесті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелеріне ерекше назар аударып келеміз. Биыл негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 4 млрд 215 млн теңгені құрады. Бұл көрсеткіш – өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 1 млрд 815 млн теңгемен салыстырғанда 215 пайызға тең. Мұндай өсім қаламыздың инвестициялық тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Агроөнеркәсіп саласында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 198 млн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 113 пайызды құрады. Нақты көлем индексі – 101 пайыз.

Бөлшек сауда көлемі 2 млрд 456 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі 100 пайыз деңгейінде сақталып, өткен жылғы көрсеткіштен төмендеген жоқ. Құрылыс саласында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Биыл құрылыс жұмыстарының көлемі 2 млрд 850 млн теңгеге жетті. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 2 млрд 671 млн теңгемен салыстырғанда бұл – 107 пайыз. Нақты көлем индексі 100,1 пайызды құрады. «Алматы – Астана» республикалық маңызы бар автожол құрылысының аяқталуы да құрылыс жұмыстары көлемінің оң динамикасына әсер етті. Тұрғын үй құрылысы бойынша пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 1 526 шаршы метрді құрады. Бұл – өткен жылғы 1 376 шаршы метрмен салыстырғанда 111 пайыз.

Өнеркәсіп саласына келсек, өнім көлемі 22 млрд 136 млн теңгені құрады. Дегенмен өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі 81 пайыз деңгейінде қалыптасты. Бұған «Ер Тай» ЖШС-ге қарасты кеніште кен құрамындағы қорғасын мөлшерінің азаюы себеп болды. Бұл – өндірістік көрсеткіштерге тікелей әсер ететін фактор. Жалпы, экономикалық көрсеткіштерді жақсарту үшін жұмыс жалғасады. Біздің міндетіміз – қаланың экономикалық әлеуетін арттырып, инвестициялық жобалардың жүзеге асуына қолайлы жағдай қалыптастыру.

– Инвестиция көлемінің айтарлықтай өсуі қуантады. Осы орайда қаланың туристік әлеуетін арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Приозерскінің туристік әлеуеті жоғары. Қаламыздың табиғи ерекшелігі, Балқаш көлінің жағалауы және географиялық орналасуы туризмді дамытуға мол мүмкіндік береді. Біз осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, қаланы демалыс пен саяхат үшін тартымды орынға айналдыруды көздеп отырмыз. Биыл туризмді және жол бойындағы сервистік нысандарды дамыту бағытында жалпы көлемі 880 млн теңгені құрайтын инвестиция тартылды.

Нақты айтқанда, Абай көшесінде «Самұрық» қонақ үйі, көл жағасында «Тюльпан» жаңа демалыс орны ашылды. Қазіргі уақытта «Гавайи» қонақүйін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, республикалық автожол бойында жаңа STAR OIL жанармай құю станциясы пайдалануға берілді. Қалаға келген қонақтың ең алдымен іздейтіні – жайлы баспана. Бұл бағытта да Приозерскіде жағдай жыл сайын жақсарып келеді. Қала аумағында 12 қонақүй жұмыс істейді. Олардың жалпы бөлме қоры 161 бірлікті, ал жатын орындарының саны 438-ді құрайды. Қонақүйлермен бірге хостелдер мен шағын қонақүйлер де қызмет көрсетеді. Бұған қоса, тұрғын үйді жалға беру саласында еңбек етіп жүрген жеке кәсіпкерлер бар. Олардың арасында бір, екі, үш және төрт бөлмелі пәтерлер бар. Яғни Приозерск бүгінгі таңда туристерді қабылдайтын инфрақұрылымын біртіндеп қалыптастырып үлгерді. Ал, алдағы жылдары жаңа қонақүй кешендері мен демалыс орындарының іске қосылуы бұл мүмкіндікті одан әрі кеңейтпек. Туристік нысандардың қолжетімділігі де назардан тыс қалмаған. Оларға жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары арқылы жетуге болады. Автотұрақ аймағы туристік нысаннан 300 метр қашықтықта орналасқан. Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы автотұрақ орындары жабдықталған. Мұның барлығы қалаға келетін туристер үшін қолайлы жағдай қалыптастырып қана қоймай, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына, қызмет көрсету сапасының артуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

Біз туризмді тек демалыс орындарын ашумен шектемейміз. Бұл – қаланың экономикасын әртараптандыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және Приозерскінің танымалдылығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды бағыт.

– Қазіргі таңда азық-түлік бағасының тұрақтылығы да – тұрғындарды алаңдататын мәселелердің бірі. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынған?

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасының тұрақтылығын қалыптастыру – күнделікті бақылаудағы мәселелердің бірі. Әсіресе, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу маңызды. Қалада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бағаны негізсіз көтермеу жөнінде ескертулер беріледі. Белгіленген талаптар бұзылған жағдайда заң аясында тиісті шаралар қолданылады. Сонымен бірге азық-түлік өнімдерін қалаға жеткізу мәселесіне де назар аударамыз. Осы мақсатта бюджеттен субсидия бөлініп, жүк тасымалдау бойынша келісім жасалды.

Биыл 15 наурыздан бастап, әр сенбі сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылып келеді. Мұндай жәрмеңкелер тұрғындарға қажетті өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді.

– Қаланың тыныс-тіршілігі үшін коммуналдық инфрақұрылымның жағдайы ерекше маңызды. Биыл жылыту маусымына дайындық қалай жүргізілді?

– Расында да, тұрғындардың жайлы өмір сүруі ең алдымен инженерлік-коммуналдық жүйелердің тұрақты жұмысына байланысты. Сондықтан, жылыту маусымына дайындықты уақытылы әрі сапалы жүргізу басты міндеттердің бірі болды. Биыл жылыту маусымына дайындық жұмыстары жоғарғы деңгейде жүргізілді. Жоспарланған жұмыстар белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалды. Қаланың орталық жылу кешенінде үш қазандыққа күрделі жөндеу жүргізіліп, деаэратор мен түтінсорғыш жабдықтары ауыстырылды. Су алу нысаны мен кәріз желілерінде профилактикалық жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, қажетті материалдар мен химиялық реагенттер толық көлемде сатып алынды. Бұдан бөлек, жылу желілерін жаңарту жұмыстары жүргізілді. Қала бойынша 3,5 мың метр жылу құбыры ауыстырылды. Оның ішінде, тұрғын үйлерге тартылған 400 метр жылу желісі жаңартылды.

Сумен жабдықтау жүйесін жақсарту мақсатында 800 метр су құбыры ауыстырылды. Сондай-ақ, туристік нысандарға қарай жаңа су желілері тартылды. Кәріз жүйесін жаңғырту да назардан тыс қалған жоқ. Көлге ағынды сулардың түсуіне жол бермеу және Бәйтерек көшесіндегі нысандарды орталық кәріз жүйесіне қосу мақсатында ұзындығы 817 метр болатын желінің құрылысы жасалды. Электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру мақсатында «ЖРЭК» ЖШС тарапынан қаланың қосалқы станциялары мен электр желілерінде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

– Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында жол сапасына баса назар аударды. Тұрғындар үшін жол сапасы мен тұрғын үй қорының жай-күйі де қала тұрғындары үшін өзекті. Бұл бағытта қандай нәтижелер бар?

– Иә, жол инфрақұрылымын дамыту – қаладағы қозғалыс қауіпсіздігі мен тұрғындардың жайлылығын қамтамасыз ететін маңызды бағыт. Биыл Алаш көшесіндегі ұзындығы 1,2 шақырым жол учаскесіне орташа жөндеу жүргізілді. Жұмыстар өткен жылы басталып, биыл толық аяқталды. Нәтижесінде жол жабыны жаңартылып, көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасалды. Тұрғын үй қорын сақтау мәселесіне де ерекше мән беріп отырмыз. Өйткені, көпқабатты тұрғын үйлердің қауіпсіздігі – тұрғындардың тыныштығы мен өмір сапасына тікелей қатысты.

– Әлеуметтік қолдау мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі бойынша қандай жұмыстар атқарылды?

– Биыл коммуналдық тұрғын үй қорынан кезектілік тәртібімен 12 пәтер берілді. Оның ішінде әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға – 5 пәтер, көпбалалы отбасыларға – 4 пәтер, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға 3 пәтер табысталды. Бұдан бөлек, облыстық бюджет қаражаты есебінен азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 16 пәтер сатып алынды. Бұл пәтерлер орналасқан тұрғын үйдің аумағы абаттандырылып, балалар ойын алаңы жабдықталды.

– Соңғы жылдары қаланың тазалығы мен көркіне ерекше мән беріліп келеді. «Таза Қазақстан» акциясы аясында қандай жұмыстар жүзеге асырылды?

– Биыл «Таза Қазақстан» акциясы аясында қаланың санитарлық жағдайын жақсарту және аумақтарды абаттандыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Қалалық сенбіліктер ұйымдастырылып, орталық көшелер мен қоғамдық орындар тазартылды. Көктемгі екіайлық барысында 300 түп ағаш отырғызылып, 5 мыңнан астам ағаш әктелді. Қураған ағаштар кесіліп, қаладан 2 мың тоннадан астам тұрмыстық қоқыс шығарылды.

Жалпы, Қоржынтүбекте аса күрделі сипат алып, қордаланған мәселе жоқ. Барлығы – күнделікті жұмыс барысында шешуге болатын ағымдық мәселелер.

– Биыл Приозерск қаласында алғаш рет Отбасын қолдау орталығы ашылды. Орталық қызметіне сұраныс көлемі қандай?

– Бұл – тұрғындар үшін жаңа әлеуметтік мүмкіндік. Орталық өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен азаматтарға әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсетеді. Мұнда «Қарызсыз қоғам», «Қайта бастау» және «Отбасының цифрлық картасы» бағыттары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар, уақытша баспанаға мұқтаж азаматтарды орналастыруға да жағдай жасалған.

Орталықтың басты мақсаты – мәселені тек анықтап қана қоймай, оны шешуге нақты көмек көрсету. Әрбір азамат өзінің әлеуметтік жағдайына қарамастан, қажетті қолдау мен кеңес ала алуы тиіс.

– Биыл қаланың 70 жылдық мерейтойы да кең көлемде аталып өтті. Мәдениет саласындағы маңызды оқиғаларға тоқталсаңыз.

– Биылғы жылдың ең маңызды әрі есте қаларлық оқиғаларының бірі – Приозерск қаласының 70 жылдық мерейтойы болды. Жетпіс жыл – шаһардың тарихындағы тұтас бір дәуір. Бұл – қаланың қалыптасу жолы, осында еңбек етіп, өмір сүрген ұрпақтардың маңдай тері мен еңбегінің нәтижесі. Сондықтан, мерейтойды атап өту тек мерекелік іс-шара ұйымдастыру емес, қаланың тарихына құрмет білдіру, өткенді бағалап, болашаққа бағдар жасау болды. Мерейтойға орай үш күн бойы ауқымды мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Оған 20 мыңнан астам қала тұрғыны мен қонақ қатысты. Бұл мереке жерлестеріміздің басын қосып, қаламыздың бірлігі мен ынтымағын айшықтаған ерекше оқиға болды. Қаламыздың тарихын ұлықтап, оның дамуына үлес қосқан азаматтарға құрмет көрсетуге де мүмкіндік туды.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрдос КӘРІМ
«Ortalyq Qazaqstan»

ПРИОЗЕРСК

После смерти Абикеевой Нургуль Калкамановны наследодателя, умершей 01 октября 2026 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Ильясову Б.А., город Караганда, улица Муканова, дом 26. тел: 34-24-70.

№385

Әлихан Бөкейхан ауданының аудандық соты Қарағанды қ., мекенжайы бойынша тұратын Виталий Викторович Беляковтың өтініші бойынша:. Қарағанды, 14 ш / а 5 үй 24 пәтер.

Валерий Карпович Беляковты, 23.06.1953 жылы туған, Қарағанды қаласының тумасы, 12 шағынауданда, 21-үйде, 36-пәтер тұрғынын қайтыс болды деп тану туралы іс қозғалды.

Соңғы тұрғылықты жері: Қарағанды қ .12 шағынауданы, 21 үй, 36 пәтер, соңғы жұмыс орны – жұмыс істемеді.

Валерий Карпович Беляковтың орналасқан жері туралы мәліметтері бар адамдар бұл туралы сотқа хабарландыру жарияланған күннен бастап, үш ай мерзімде хабарлауды сұраймыз.

№381

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Ақберенде» ақталған үміт

Сөз қадірін білген қазақ үшін шешендік пен ақындық өнердің орны қашан да бөлек. Атадан балаға аманат болған осы асыл қасиет бүгінгі жас ұрпақтың бойынан да табылып, ұлттық өнердің өміршеңдігін айғақтап келеді. Соның бір дәлелі – еліміздің түпкір-түпкірінен дарынды өрендерді тоғыстырған «Ақберен» XIII республикалық шығармашылық байқауы. Білім мен өнер сынға түскен беделді додада Қарағанды облысының оқушылары үш күміс, бір қола жүлдеге қол жеткізіп, өнір мерейін үстем етті.



Республикалық байқаудың қорытынды кезеңіне еліміздің әр өңірінен 140 оқушы қатысты. 8-11-сынып оқушылары бас қосқан өнер бәйгесінде жас талапкерлер шешендік өнер мен тапқырлық, көркем оқу, эссе жазу, ұлттық музыкалық аспаптарда өнер көрсету және айтыс бағыттары бойынша бақ сынады. Олардың өнері мен шығармашылық қабілетіне елімізге белгілі ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері қазылық етті.

Қарағанды облысының намысын қорғауға алты оқушы аттанып, төртеуі жүлделі орыннан көрінді. Әсіресе, Теміртау қаласындағы «Озат» мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысы Раушан Тоғтоомұрат айтыс өнерінде суырылып шығып, екінші орынды еншіледі.

– Бастапқыда айтысқа жай қызығушылықпен келдім. Кейін бұл өнерге шын ықыласым ауды. Айтыста ең маңыздысы – суырыпсалмалық қабілет. Қанша қобалжысаң да, қарсыласыңды мұқият тыңдап, әр сөзіне лайықты жауап қайыра білуің керек. Байқауда айтыстың тақырыбы сахнаға шығар алдында ғана белгілі болды. Ұлттық құндылықтар, жастар және ата-баба мұрасы төңірегінде сөз қағыстырдық, – дейді Раушан Тоғтоомұрат.

Қоржынға тағы екі күміс жүлде түсті. Атап айтқанда, «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы Нұрай Әли шешендік шеберлік пен тапқырлық сынында екінші орынға ие болды. Ал, Сәкен Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы Кәусар Қабылғазы көркем оқу бағытында үздіктер қатарынан көрініп, күміс жүлдені еншіледі.

Сондай-ақ, Саран қаласындағы Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Айсана Темірбек эссе жазу аталымында қарым-қабілетін танытып, үшінші орынға табан тіреді.

Республикалық байқаудың қорытындысында Қарағанды облысының командасы жалпыкомандалық есепте үшінші орынға тұрақтағанын да айта кету керек.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Дала дәстүрінің дара көрінісі

Абай облысында Көкбай Жанатайұлының 165 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Абай Салбұрыны – 2026» республикалық құсбегілер турнирі мәресіне жетті. Дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен 70-тен астам құсбегі қатысып, өзара мықтыны анықтады. Байрақты бәсекеде Қарағанды облысының намысын қорғаған «Сарыарқа құсбегілері» федерациясының алты өкілі бір күміс және екі қола жүлдені еншіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат бүркіт, ителгі және қаршыға санаты бойынша өтті. Үш бағытта да құстардың қырағылығы, шапшаңдығы мен бапталу деңгейі сыналған. Бүркіт бәсекесіне құсбегілер 48 қыран қосып, төрт кезең бойынша бақ сынады. Алғашқы кезеңде бүркіттер 500 метр қашықтықтан қолға шақырылса, екінші кезеңде 200 метрден шырғаға салынды. Үшінші кезеңде қоянға, соңғысында қарсаққа түсті. Осы санатта Қарағанды облысының атынан сынға түскен Нұрғазы Қазбектің «Ақбалақ» атты бүркіті жүлделі III орынға ие болды.

Қаршыға сайысында 21 құс тіркелген. Қатысушылар алдымен қаршығаларын 300 метр қашықтықтан қолға шақыртып, кейін кептер мен қоянға салды. Нәтижесінде, жерлесіміз Серік Кариповтің «Кербез» атты қаршығасы қола жүлдені жеңіп алды.

Ал, ителгі бәсекесіне 16 құс иесінен өтінім түскен. Бұл санатта да жарыс үш кезеңнен тұрды. Алдымен ителгілер қолға шақырылып, кейін далбайға және қоянға салынды. Сайыс қорытындысы бойынша Темірәлі Төлегенұлының «Жұлдыз» атты ителгісі күміс жүлдеге қол жеткізді.

– Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. «Ақбалақ» бүркітіміз өз санатында уақыт көрсеткіші бойынша қарсыластарынан сәл қалып қойды. Ал, «Жұлдыз» бен «Кербезге» жинаған ұпайлары жеткіліксіз болды. Дегенмен, өңір намысын қорғаған құсбегілеріміз, лайықты нәтиже көрсетті, – деді «Сарыарқа құсбегілері» федерациясының жетекшісі Темірәлі Төлегенұлы.

Сурет жүлдегерлердің жеке мұрағатынан

• ДЖИУ-ДЖИТСУ

Байрақты бәсекеден – бес жүлде

Абу-Дабиде өткен джиу-джитсудан әлем чемпионатынан облыс спортшылары олжалы оралды. Халықаралық аренада бақ сынаған жерлестеріміз төрт күміс пен бір қола медаль жеңіп алып, Қазақстан құрамасының қоржынына қомақты үлес қосты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемнің үздік спортшылары бас қосқан дүбірлі додада қарағандылықтар шеберлік пен табандылықтың озық үлгісін көрсетті. Тартысты белдесулерде қарсыластарына лайықты қарсылық танытып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Атап айтсақ, қыздар арасында Ратмира Мамедова мен Аққу Ысқақова ерекше көзге түсті. Ратмира чемпионаттың күміс жүлдесін иеленсе, Аққу 52 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде, сары белбеу санатында қола медальға қол жеткізді.

– Бұл жеңіс – үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Жетістікке жету жолында көп еңбек етіп, жаттығуда бар күшімді салдым. Қарсыластарым да мықты болды, сондықтан, әр белдесуде бар шеберлігімді көрсетуге тырыстым. Алдағы уақытта бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізіп, елімнің абыройын асқақтатқым келеді, – деді Ратмира Мамедова.

Жерлестеріміздің жеңісті жолын өзге спортшылар да жалғады. Айзада Айтым 40 келіге дейінгі, Ислам Жолдыбек 41 келіге дейінгі, Әділ Ғабдулманат 45 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс жүлдегер атанды.

Байрақты бәсекедегі бұл жетістікте жүйелі дайындық, қажырлы еңбек пен жеңіске деген жігердің тұрғаны анық. Жас спортшылардың әлемдік додада осындай биіктен көрінуі – кеншілер өлкесіндегі спорт мектебінің әлеуетін танытатын маңызды көрсеткіш.

Жігері мұқалмаған жүйріктер

Қазақстанда паралимпиадалық ат спорты, оның ішінде, атпен мәнерлеп жүру бағыты біртіндеп дамып, спортшылардың кәсіби әлеуетіне басымдық беріліп келеді. Бүгінде еліміздің бірқатар өңірінде осы спорт түрін өркендетуге қолайлы жағдай жасалып, параспортшылардың шеберлігін шыңдауына мүмкіндік молаюда. Бұл бағытта Қарағанды облысының да өзіндік жетістіктері бар. Өңір спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, Қазақстанның абыройын асқақтатып жүр. Осыған орай облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов паралимпиадалық ат спорты бойынша әлем чемпионатының, әлем кубогының және Қазақстан чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін қабылдап, құрмет көрсетті.



Диас СЕРІККАЗЫҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма басшысы өз сөзінде спортшылардың табандылығы мен бапкерлердің қажырлы еңбегіне ерекше тоқталды.

– Сіздерді әлем чемпионаты мен әлем кубогындағы, сондай-ақ, Қазақстан чемпионатындағы жетістіктеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жеңістер – тынымсыз еңбектің, табандылық пен жоғары кәсібиліктің нәтижесі. Әсіресе, осындай талантты спортшыларды тәрбиелеп, үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан жаттықтырушылардың еңбегі зор. Баршаңызға алғысымды білдіремін. Қарағанды облысында бұл спорт түрі алдағы уақытта да қарқынды дамып, жаңа белестерді бағындырады деп сенемін. Сіздерге толағай табыс пен сәттілік тілеймін! – деді Нұркен Нұратов.

Айта кетейік, Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өткен халықаралық жарыста Қазақстан құрамасы сапынан бес спортшы өнер көрсеткен болатын. Жеке сайыста Ерсайын Әшім мен Әлішер Махин алтын медаль иеленсе, Амина Есина – күміс, Әлихан Ұзақбай – қола жүлдеге қол жеткізді. Бұдан бөлек, Әлішер Махин ерлер арасында, Амина Есина әйелдер арасында өткен бәсекеде де қола жүлдегер атанды. Ал, командалық сайыста Қазақстан құрамасы топтық эстафетада I орыннан көрінді. Осы нәтижелердің арқасында ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алды.

Сонымен қатар, қарағандылық параспортшылар елордада өткен паралимпиадалық ат спорты бойынша Қазақстан чемпионатында да жоғары нәтиже көрсетті. Өңір атынан сынға түскен Владимир Воронин мен Айзере Ахметжанова қарсыластарынан озып, қос алтын жеңіп алған.

Айзере Ахметжанованың анасы Сабина Садықова қызының бұл спорт түрін бастапқыда оңалту мақсатында таңдағанын атап өтті.

– Қызымда туа біткен балалардың церебралды сал ауруы бар. Босануым өте ауыр өткендіктен, бұл диагноз дүниеге келген сәтте-ақ қойылды. Алғаш рет оңалту шараларына жүгінгенімізде, дәрігеріміз спортпен, әсіресе, жүзумен айналысуға кеңес берді. Себебі, қызымда жамбас буындарының екіжақты шығуы болды. Кейін ат үстінде отырудың да оңалтуға көмегі бар екенін білдік. Осылайша, қызым бес жасынан бастап ат спортымен және жүзумен тұрақты түрде айналыса бастады.

Жаттықтырушымыз Амина Есинаның жетекшілігімен жаттыға бастағанымызға көп болған жоқ. Небәрі екі сабақтан кейін ол бізге үлкен спортта бағымызды сынап көруді ұсынды. Шынымды айтсам, спорттан мүлде хабарымыз жоқ, тек иппотерапиямен айналысып жүрген біз үшін бұл күтпеген ұсыныс болды. Дегенмен, көп ұзамай түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, Қарағанды облысының намысын қорғай бастадық. Алғашқы жарыстан-ақ жүлделі орындарға ие болдық. Бұл – біздің төртінші ірі жарысымыз. Осы уақытқа дейін қатысқан төрт бәсекенің барлығында да жеңіске жеттік. Қызымның жануарларға деген сүйіспеншілігі ерекше. Жүзу оның кәсіби тұрғыда айналысатын спорт түрі болса, ат спорты – жан дүниесіне қуаныш сыйлайтын сүйікті ісі. Ат үстіне шыққанда бар болмысымен тынығып, ерекше әсер алып, шабыттанып қайтады, – дейді анасы Сабина Садықова.

Кездесу барысында спортшылар мен олардың ата-аналары қол жеткізген жетістіктерімен қатар, алдағы мақсат-міндеттері мен жоспарларын да ортаға салды. Өз кезегінде басқарма басшысы параспортшылардың әлеуетін арттыруға қажетті жағдай жасау және оларға жан-жақты қолдау көрсету мәселесі назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№127 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аида РАХЫМҚҰЛ**